

Әйтеке би ауданында салық салуды негіздеу мақсатында жерді аймақтарға бөлу және жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 126 шешімі. Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 12 мамырда N 3-2-80 тіркелді.

Ескерту. Атауға өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.03.2018 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабына, 531 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 10.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

1. Жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 505, 506 және 531 баптың 2 тармағында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға арттырылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 10.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
С.ТОЙШЫМАНОВ

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
А.ЕРМАҒАМБЕТ

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
N 126 шешіміне қосымша N 1

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер

Ескерту. Қосымша № 1 алынып тасталды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
N 126 шешіміне қосымша N 2

Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер

Ескерту. Қосымша № 2 алынып тасталды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
N 126 шешіміне қосымша N 3

Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда)

Ескерту. Қосымша № 3 алынып тасталды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
N 126 шешіміне қосымша N 4

Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлері

Ескерту. Қосымша № 4 алынып тасталды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 106 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).